

## Ақсу қаласы Еңбек селолық округінің Еңбек ауылындағы көшелерге атаулар беру туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Еңбек селолық округ әкімінің 2009 жылғы 22 қазандағы N 1-08 шешімі. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 желтоқсанда N 12-2-116 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына сәйкес, Еңбек ауылы халқының пікірін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қ а б ы л д а й м ы н :

1 . М ы н а л а р ғ а :

Бірден жиырма алтыншы үйге дейінгі атауы жоқ көшеге "Достық" атауы;  
Жиырма жетіншіден елу бірінші үйге дейінгі атауы жоқ көшеге "Бейбітшілік" атауы  
б е р і л с і н .

2. Осы шешім ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Еңбек селолық округінің әкімі*                      *Ғ. Сұлтанов*